

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі

XXI ғасыр – білім мен ғылымның дамыған ғасыры. Қазіргі әлемнің күн сайын өзгерістерге толы екенін ескере отырып, заманауи білім беру жүйесі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті және халықаралық стандартқа лайық келетін білімді жас ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етуді көздеп отыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де, білімді жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес.

Қазіргі әлемде білімнің қоғамдағы барлық саладағы ілгерілеуді қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретіндегі рөлі жүйелі өзгерістерді талап етеді. Білімнің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде, мектеп білімінің жаңа сапасын қамтамасыз етудің түйінді сәті болып отыр, оған әр азаматтың және тұтас қоғамның келешектегі өмірлік табыстылығы байланысты [1].

Қазір қазақстандық білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатқан кезде біз үшін, яғни мұғалімдер өз сабақтарымызда оқытудың инновациялық педагогикалық әдістерін енгізу, оның ішінде критериалды бағалау технологияларын қолдану өте маңызды болып табылады. Критериалды бағалау жүйесіне тоқталмас бұрын, критерий? Критериалды бағалау дегеніміз не? деген сұрақтың жауабын нақты айқындап алған дұрыс. *Критерий – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, білім алушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі болса, критериалды бағалау– белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі [2].*

Роберт Юджин Глейзер (1963 ж.) «критериалды бағалау» терминін алғаш енгізген ғалым. Ол өз тәжірибесінде әдеттегі мінез-құлық моделінің жиынын

анықтау үдерісін, білім алушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. Бұл білім алушы әрекетін алдын ала анықталған критерийлерді тіркеп жинақтау арқылы бағалауды білдіреді. Критериалды бағалау мәселесімен Р.Ю.Глейзер, Бойл және Чарльз, Уильям және Томсон т.б ғалымдар айналысты. Бастауыш мектептегі критерийлік бағалауды едәуір терең зерделеу мақсатында әлемнің кейбір мемлекеттерінде: Финляндия, Сингапур, Ұлыбритания мен Жапония секілді озық елдердің тәжірибесін қарастыруға болады.

Критериалды бағалау - бұл критерийлер бойынша бағалау, яғни бағалау білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытудың түрлі бағыттары бойынша жетістіктерін көрсететін өлшемдерден құралады. Білім алушыларды бағалаудың критериалдық тәсілі барынша объективті, дәл және анық болып саналады. Неліктен? Себебі критерийлер арқылы бағалау білім алушыларды оқу тапсырмаларын сапалы орындауға ынталандырады, білімді тереңдетуге және кеңейтуге ықпал етеді, осылайша ойлау дағдыларының деңгейін жоғарылатады және оқушылардың психикалық процестеріне әсер етеді. Сонымен қатар, бұл бағалаудың барлық элементтері (оқыту мақсаттары, түрлері, құралдары және бағалау нәтижелері) арасындағы өзара байланысты теориялық негіздеуді және белгілеуді болжайды, осы тәсілдің практикалық маңыздылығы мен артықшылығын көрсетеді. Бағалаудың бұл жүйесінде - оқушының жеке басы емес, оның жұмысы ғана бағаланады, яғни, білім алушылардың жұмыстары алдын-ала талап етілген белгілі бағалау критерийлері бойынша тексеріледі және соған сәйкес бағалары қойылады. *Критериалды бағалаудың дәстүрлі бағалаудан ерекшелігі де осында, себебі білім алушының білімін бағалауда қолданылып жүрген «5» балдық жүйе білім алушының қандай да бір құзіреттілігін қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Айталық, берілген тапсырманы тексеру кезінде (бақылау, тест, жазба жұмыстары т.б.) нақты бағалау критерийлерінің болмауы, мұғалімнің тек жіберілген қатені іздеуі, оқушыны басқа оқушымен салыстыру арқылы бағалауы оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, қоршаған ортамен*

дұрыс қарым-қатынас жасауына, өзін-өзі дұрыс бағалауына кері ықпалын тигізеді[3].

Әлемде білім беру ісінің нәтижесін бағалаудың өзіндік тәжірибесі қалыптасқаны белгілі. Айталық, шетелде әр түрлі бағалау жүйелері бар: 7-балдық, 10-балдық, 11-балдық, 12-балдық, 100-балдық, рейтингтік және т.б. Мысалы, Бельгия мен Люксембургте 60 балдық жүйе пайдаланылса, Данияда 13 балдық бағалау жүйесі кең пайдаланады (0 – «нашар», 13 – «өте жақсы»). Швецияда төрт балдық бағалау жүйесі «өте жақсы тапсырылды», «жақсы тапсырылды», «тапсырылды», «тапсырылмады» деген сөзбен жүзеге асырылады. Бұл ретте шетелде көбінесе оқушының қаншалықты білім алғандығы емес, оның алған білімін өмірлік тәжірибеде қаншалықты пайдалана алатындығы ескеріледі [4].

Қазақстанның орта мектептерінде білім беру үдерісін жаңғыртуға байланысты, білім беру бағдарламаларына аса маңызды көңіл бөлінді. Қазақстан Республикасының барлық мектептеріне «жаңартылған білім беру мазмұны» енгізіліп, дәстүрлі бағалау жүйесінен (5 баллдық) критерийлік бағалауға ауысқан кезде, білім мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырады. Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты әрі қарай оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін бағалау критерийлері негізінде білім беру үдерісіне қатысушылардың арлығына білім алушылардың оқу нәтижесі туралы нақты ақпарат алу болып табылады [5].

Бағалау - білім беру үдерісінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады, яғни ағымдағы және қорытынды оқу кезеңдерінде оқушылардың үлгерімі туралы ақпаратты жинау және талдау болып табылады. Бағалау тәсілдері пәннің мазмұнына және критериалды бағалау түріне байланысты ерекшеленеді. Оқу жылы барысында білім алушылардың үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау оқушының дамуында үлкен рөл атқарады, сол себепті ол анық, қысқа және әрі қарай оқуға түрткі болуы керек. Ал, жиынтық бағалау, бұл бағалаудың түрі нақты жұмыс ортасында байқау түрінде

болады, білім алушы өз бетінше орындайтын жазбаша тапсырма, тест, емтихан немесе жоба. Оқушының кез-келген жиынтық жұмысы ешкімнің қатысуынсыз орындалады және қойылған оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. Оқушылардың жетістіктерін бағалаудың критериалдық тәсілі білім алушылардың жетістіктерін оқытудың белгілі бір кезеңінде игеруге жататын білім көлемімен салыстыруға мүмкіндік береді, өйткені мұғалім білім алушының қандай оқу мақсаттарын игере алғанын және қайсысын аяқтау керектігін бағалауы керек. Осылайша, білім алушылардың жеке оқу бағыты немесе оқу жетістіктері бағаланады.

Критериалды бағалау төмендегідей қағидаттарға негізделеді:

- Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады және оқу бағдарламасының мақсаттарымен және күтілетін нәтижелерімен тікелей байланысты.
- Шынайылық, анықтық және валидтілік. Бағалау нақты және сенімді ақпарат береді. Жарамдылық бағалау үдерісінің нақты әрекеттерін қамтиды, сондықтан нақты бағалау құралын, яғни мұғалімдерге білім алушының қажетті білімді, дағдыларды, құндылықтарды игергенін көрсететін бағалау тапсырмасын немесе жаттығуын таңдау керек.
- Ашықтық және нақтылық. Бағалау түсінікті және анық ақпарат береді, білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың тартылуы мен жауапкершілігін арттырады.
- Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін уақытылы және жүйелі түрде қадағалауға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.
- Дамытуға бағыттылық. Бағалау білім беру жүйесінің, мектептің, мұғалімдер мен білім алушылардың даму бағытын айқындап, білім алушылардың қандай білім мен дағдыларды меңгергені туралы ақпараттарға талдау жасайды.

Бағалау - оқыту туралы шешім қабылдау мақсатында оқыту нәтижелерін жүйелі жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін пайдаланылатын санат.

«Бағалау» латын тілінен аударғанда «жақын отыру» дегенді білдіреді. Мен критериалды бағалауды келесі мақсатта қолданамын:

- * оқушылардың өз нәтижелері үшін жауапкершілігін ынталандыру;
- * қателіктерінен сабақ алу;
- * маңызды және қажет нәрсені түсінуге көмектесу;
- * белгілі бір дағдылардың болуын анықтау;
- * оқушылардың үлгерімін бағалау;
- * оқушыларды жетістікке жетуге ынталандыру.

Критериалды бағалау жағдайында мен оқу үдерісін оқушылардың өзін, өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін, іс-әрекеттері мен мүмкіндіктерін, яғни өзін-өзі бағалауды қалыптастыратындай етіп ұйымдастыруға тырысамын. Өзін-өзі бағалау, «мен мұны білемін», «Мен оны мүлдем білмедім», «мен оны мүлдем білмеймін» және оқушының оқу тәуелсіздігі басталады. Сондықтан мектепте жұмыс істейтін мұғалімдердің алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балаларда өз іс-әрекетінің нәтижесін бағалау қабілетін қалыптастыру деп санаймын.

Критериалды бағалау жұмысы қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау арқылы жүзеге асады. Қалыптастырушы бағалау сыныпта немесе үйде күнделікті жұмыс барысында білімнің, дағдылардың даму деңгейін анықтауға арналған. Ол әр түрлі формада жүзеге асырылады және мұғалім мен білім алушыға жұмысты түзетуге және жиынтық жұмыс басталғанға дейін мүмкін болатын олқылықтар мен кемшіліктерді жоюға мүмкіндік береді. Жиынтық бақылау жұмысына дейінгі білім алушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында, сабақтың ортасында, сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіледі. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың формальді, формальді емес әдістерін тиімді әрі жүйелі қолдану қажет.

Ішкі жиынтық бағалау мазмұны барлық критерий тұтас қамтылады. Дескрипторға сай тапсырманы толық меңгергендігін көрсетуі шарт. Соның

нәтижесінде тоқсан соңында жиынтық бағалау оқушы білімін анықтап береді. Оқушы білімі баллдық жүйемен есептеледі.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, триместр, 10 оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге жағдай жасайды. Тиімді қалыптастырушы және жиынтық бағалау білім алушы жетістігінің қойылған оқу мақсаттарына қаншалықты сәйкестігін көруге мүмкіндік береді [6].

Критериалды бағалау технологиясын қолдану әр түрлі тапсырмалар мен оларды ұсыну формаларын, білім алушыларға әртүрлі көмек түрлерін қолдануға мүмкіндік береді. Оқыту процесінде критериалды бағалау жүйесін қолданудың өзектілігі білім берудің қазіргі заманғы стратегиялық міндеттерімен, халықаралық стандарттар мен білім беру сапасына қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, білім беру деңгейін арттыру қажеттілігімен, бағалау мен бағалаудың бірыңғай талаптарын әзірлеу қажеттілігімен айқындалады. Әлемде білім беру ісінің нәтижесін бағалай білудің өзіндік тәжірибесі қалыптасқаны белгілі. Бұл ретте біз үшін білім алушының қаншалықты білім алғандығы емес, оның алған білімін өмірлік тәжірибеде қаншалықты пайдалана алатындығы маңызды болып отыр. Ал біздің еліміздегі білім жүйесінде басым жағдайда білім алушылар өздерінің алған теориялық білім деңгейімен бағаланып, сонымен ғана шектеліп жататыны белгілі. Осы орайда білім алушы білімін критериалды бағалау – педагогтарға нақтылық алып келетін бірден-бір жүйе.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесі мұғалімге білім алушының жетістіктеріне назар аударуға, өсу аймақтарын белгілеуге, әлі үйренуге болатын нәрсені бөлуге мүмкіндік береді. Осылайша, критериалды бағалау білім алушыларды өз оқуына жауапты болуға үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жиркова З.С. Диагностика мотивационной образовательной среды сельской школы. // Вектор науки ТГУ. Серия: Педагогика, психология. 2011. –115-121б.
2. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен / Астана, 2017
3. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік нұсқаулық /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ/ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен/ – Астана, 2016ж.- 46 б.
4. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен / Астана, 2017
5. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен / Астана, 2017
6. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен / Астана, 2017.